

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 61

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Жарлық мәтініндегі "Министрлер Кабинеті", "Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы" және "Бас салық инспекциясы", "Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті" деген сөздер тиісті септікпен тиісінше "Үкімет", "Мемлекеттік салық комитеті", "Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1-бапта: 1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген мемлекеттік салық комитетінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-тармақта соңғы сөйлем мынадай редакцияда жазылсын: "Салық салуға қатысты нормативтік құқықтық актілер ресми жариялануға тиіс".

3 . 2 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген салықтар тікелей және жанама болып бөлінеді. Жанама салықтарға қосылған құнға салынатын салық пен акциздер жатады. Басқа салықтар тікелей салықтарға жатады";

2-тармақ 3-тармақ деп есептелсін және "Қазақстан Республикасының салық заңдарында" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген Құзыретті органның жер қойнауын пайдалануға жасасқан келісім-шарттарының ережелерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3 және 4-тармақтар тиісінше 4 және 5-тармақтар болып есептелсін.

4 . 5 - б а п т а :

1) тармақша "ұзақ мерзімді" деген сөздерден кейін "соның ішінде" деген сөздермен толықтырылсын:

9)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) "жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт" - жер қойнауын

пайдаланушы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген Құзыретті орган арасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге жасалған ш а р т " ;

17)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) "ұтыстар" - жеке және заңды тұлғалардың конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда салымдар, бағалы қағаздар, лотереялар бойынша алатын заттай және ақшалай түрдегі кірістерінің кез келген түрлері";

24)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) " жер қойнауын пайдаланушының үстеме пайдасы" - жер қойнауын пайдаланушының осы Жарлықта белгіленген нормативтен тыс алған қосымша т а б ы с т а р ы " ;

29) -тармақша мынадай мазмұндағы жаңа "б" тармақшасымен толықтырылсын:

"б) өндірісте пайдаланылатын негізгі құралдардың лизингі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар банктер мен банк емес қаржы мекемелері жүзеге асыратын операциялар";

"б", "в", "г" және "д" тармақшалары тиісінше "в", "г", "д" және "е" тармақшалары б о л ы п е с е п т е л с і н ;

мынадай мазмұндағы 32) - 36)-тармақшалармен толықтырылсын:

"32) "салық сараптамасы" - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қолданылып жүрген заңдарға сәйкес салық режимін белгілеу, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтарын айқындау мақсатымен Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген Құзыретті орган жасасатын келісім-шарт жобасына, оған енгізілетін толықтырулар мен өзгерістерге жүргізілетін талдау мен бағалауды қамтитын экономикалық сараптаманың міндетті б ө л і г і ;

33) "тарихи шығындар" - мемлекеттің осы келісім-шарттық аумақты барлау мен онда ашылған кен орындарын жайғастыруға байланысты және осы кен орындарын пайдалану кезінде орны толтырылуға тиісті бұрынғы шығындары;

34) "пайданың ішкі нормасы" - жүргізілген инвестициялардың өтелу коэффициенті;

35) "тікелей салықтар" - салық төлеушінің табысынан немесе мүлкінен тікелей т ө л е н е т і н с а л ы қ т а р ;

36) "жанама салықтар" - салық төлеушінің табысына немесе мүлкіне тікелей байланысты емес, бағаға немесе тарифке үстеме түрінде белгіленетін, тауарлар мен қызметтерге салынатын салық (қосылған құнға салынатын салық пен акциздер).

5 . 6 - б а п т а :

1-тармақ "төлеушілер" деген сөзден кейін "осы баптың 4-тармағының екінші азатжолында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "бөлінеді әрі" деген сөздерден кейін "осы Жарлықтың 94-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік салық комитетінің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген ұсынысы бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметі бір өндірістік кешенде қызмет істейтін бірнеше заңды тұлғаны біртұтас салық төлеуші деп анықтауға құқылы".

6. 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Салық салу объектісі

1. Табыс салығын салу объектісі жылдық жиынтық табыс пен осы жарлықта көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде есептеліп, салық салынатын табыс болып табылады.

2. Салық салынатын табыс теңгемен белгіленеді. Салық салынатын табыс шетел валютасымен көрсетілген жағдайда ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салық төленген кездегі бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі".

7. 11-баптың 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы төртінші азатжолмен толықтырылсын:

"ұтыстар".

8. 14-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Иссапарлық, өкілдік шығыстар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде шегеріліп тасталады".

9. 18-бап:

мынадай мазмұндағы жаңа 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Өз қызметін заңдарға сәйкес жасалған келісім-шарт негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының осы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына байланысты кен орнын игеру зардаптарын жою қорына (резервтік қорға) аударылған аударымдар сомасын шегеріп тастауға құқығы бар.

Кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударымдар жасаудың мөлшері мен тәртібі Құзыретті органмен келісім бойынша, кен орнын игеру зардаптарын жоюға жұмсалатын шығындардың жобалық сомасы негізге алына отырып, келісім-шарттарға салық сараптамасын жүргізу барысында жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта кен орнын игерудің бүкіл мерзіміне белгіленеді.

Егер кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығындар аталған қорға аударылған аударымдардан аз болса, оң айырма жер қойнауын пайдаланушының салық салынатын табысына қосылуға тиіс";

2-тармақ 3-тармақ болып есептелсін:

3-тармақта "1-тармағында" деген сөздер "1 және 2-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 20-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Амортизациялауға жататын негізгі құрал-жабдықтар  
амортизациялаудың мынадай шекті нормалары бойынша топтарға бөлінеді:

Топ нөмірі	Мүлік атауы	Амортизацияның шекті нормасы, процент есебімен
1	2	3
1	Труба құбырлары: мұнай-газ құбырлары; пайдалы қазбаларды өндіру және ұқсату үшін пайдаланылатын жабдықтар, машиналар мен механизмдер. компьютерлер, деректер өңдеу жөніндегі шетке. рі құрылғылар мен жабдықтар	25
2	Жолдарда пайдаланылатын автотрактор техника. сы; арнаулы аспаптар, құрал-саймандар мен керек-жарақтар	20
3	Жеңіл автомобильдер; такси; автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы; жүк автомобильдері, автобустар, арнаулы автомо. бильдер мен автотіркемелер. Машиналар мен жабдықтар; өнеркәсіптің барлық салалары, құю өндірісі үшін; ұста-пресс жабдықтары; электронды жабдықтар; құрылыс жабдықтары; ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтары; Кеңсе жиһазы.	15
4	Басқа топтарға енгізілмеген амортизациялана. тын активтер	10
5	Темір жол, теңіз және өзен көлік құралдары. Қуат машиналары мен жабдықтар; жылу-техника. лық жабдықтар, турбиналық жабдықтар, электр қозғалтқыштары мен дизель генераторлары. Электр қуатын беру және байланыс құрылғылары	8

Салық төлеуші өз қалауы бойынша кез келген салық жылында амортизацияның өзге де нормаларын қолдануға құқылы, бірақ бұл шекті нормалардан аспауы керек."

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Өндірістік мақсаттар үшін өз құрылысына жұмсалған шығындар және өндірістік мақсаттар үшін кемінде үш жыл пайдаланылып сатып алынған технологиялық жабдықтардың құны салық төлеушінің қалауы бойынша амортизациялық кезең ішінде қалған амортизация сомасы шегінде кез-келген сәтінде шегерілуге тиіс."

11. 23 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуге, барлауға және өндіруге дайындау жұмыстарына жұмсаған шығындар, соның ішінде бағалау, жайғастыру жөніндегі шығындар, жалпы әкімшілік шығындар және жазылу бонусы мен коммерциялық табу бонусын төлеуге байланысты шығындар амортизациялық аударылымдар түрінде жылдық жиынтық табыстан шегерілуге тиіс және жеке топ құрайды. Осы топ бойынша амортизациялық аударылымдар пайдалы қазбаларды өндіру басталған кезден бастап алғашқы бес жыл ішінде 1-топтың негізгі құрал-жабдықтары амортизациясының шекті нормасы бойынша жүргізіледі, ал құнның қалған бөлігі бес жыл өткеннен кейін жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша анықталатын нормалармен келесі амортизациялық кезеңнің кез келген сәтінде шегеріліп тасталады."

2-тармақ "шығыстарына да" деген сөздерден кейін "сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы бюджетке іс жүзінде төлеген, келісім-шарттық аумақтарда мемлекет жұмсаған тарихи шығындарды өтеу сомасына да" деген сөздермен толықтырылсын.

12. 24-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Материалдық емес активтерге жұмсалған шығындар 3-топтағы негізгі құрал-жабдықтар амортизациясының ставкасы бойынша амортизациялық аударылымдар түрінде шегерілуге тиіс және жеке топ құрайды."

13. 25 - бапта :

1) тармақша "және үстеме пайдаға салынатын салықтар" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) жер қойнауын пайдаланушының қазақстандық кадрларды оқытуға және

аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарда белгіленген сома шегінде іс жүзінде жұмсаған шығындары."

14. 27-бап:

"бес жылға дейінгі" деген сөздердің алдынан "қоса алғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылатын қызметке байланысты пайда болатын залалдар қоса алғанда жеті жылға дейінгі мерзімге кейінге көшіріледі."

15. 29-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Төлем көзінен ұсталатын табыс салығын есептеу салық жылы ішінде біркелкі (ай сайын) жасалып отырады."

16. 32-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"32-бап. Төлем көзіндегі проценттер мен ұтыстар бойынша салық ставкалар";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жеке тұлғаларға төленетін ұтыстарға төлем көзіне 15 процент ставка бойынша салық салынады".

17. 34-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша "қалпына келтіру орталығы" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы" деген сөздермен "өндірістік ұйымдар" деген сөздерден кейін "толық" деген сөзбен толықтырылсын:

3) тармақшада "жарғылық қызметі" деген сөздерден кейін мынадай "соның ішінде демеушілік көмек, кіру және мүшелік жарналар, қайырымдылық көмек, аударылымдар мен қайырмалдықтар түрінде алынған табыстар, жоғарыда аталған қаражат тегін негізде берілген жағдайда, сондай-ақ тегін берілген мүлік бойынша" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар банктер мен банктік емес қаржы мекемелері негізгі құрал-жабдықтарды жасау мен жаңғырту үшін үш жылдан астам мерзімге берілген орташа және ұзақ мерзімді инвестициялық несиелер бойынша алынған проценттер жөнінен.";

2-тармақ "сомасына" деген сөзден кейін "қосымша" деген сөзбен

толықтырылсын;

5-тармақтағы 3) тармақшада "ізгілік көмек" деген сөздер "ізгілік, қайырымдылық көмек пен гранттардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. 39-бапта:

1-тармақта "10 процентінен астамы" деген сөздер "бір бөлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Салық қызметі шет мемлекетті... қарайды" деген сөздер "Шет мемлекет... ретінде қарайды" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. 40-бапта "түсімді" деген сөз "кірістер мен шығыстарды" деген сөздермен ауыстырылсын, "немесе кассалық әдіс бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

20. 41-бапта:

2-тармақта "қолданылған жағдайда" деген сөздер "қолданылған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын:

3-тармақ алынып тасталсын:

21. 45 және 46-баптардың атаулары мен мәтінінде "активтердің", "активтерді", "актив" деген сөздердің алдынан тиісінше "ұзақ мерзімді" деген сөздермен толықтырылсын.

22. 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Таза табыс есебінен жүзеге асырылатын  
шығыстар

Шегерілуге тиісті емес таза табыс есебінен жүзеге асырылатын шығыстарға мыналар жатады:

1) негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу мен құрылысын жүргізуге арналған шығыстар және күрделі сипаттағы басқа да шығыстар.

2) бюджетке енгізілуге тиісті айыппұл санкциялары.

3) кәсіпкерлік қызметке байланысы жоқ шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметкерлерінің 15 процент ставка бойынша төлем көзіне салық салынатын тікелей немесе жанама табыстары болып табылатын шығыстар.

4) кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын объектілерді салу, пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар."

23. 49 - бап:

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Кез келген он екі айлық кезең ішінде Қазақстан Республикасында 30 күннен астам тұрып жатқан немесе қазақстандық көзден 500 айлық есеп айырысу көрсеткішінен астам табыс алған жеке тұлғалар - резидент еместер қызметін тоқтатқан

немесе Қазақстан Республикасының аумағынан кеткен кезде салық қызметі органдарына жиынтық табыс пен шегерімдер туралы декларация табыс етеді."

5-тармақ 6-тармақ болып есептелсін.

24. 50-баптың 1-тармағында:

1) тармақша "олардың кәсіпкерлік қызметінің шегінде" деген сөздерден кейін " сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылығының өнімін (анықтамасы болған жағдайда) және тұтытуда болған жеке мүлкін өткізуден алған табысын қоспағанда, кәсіпкерлік қызмет субъектілері ретінде тіркелмеген жеке тұлғаларға төлейтін табыс сомаларынан" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "және жеке" деген сөздер алынып тасталсын: мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын;

"6) жеке тұлғаларға ұтыстар төлейтін заңды және жеке тұлға;

7) осы Жарлықтың 48-бабының 3-тармақшасына сәйкес төлемдер төлейтін заңды немесе жеке тұлға."

25. 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"51-бап. Табыс салығы бойынша аванстық төлемдер

1. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар аванстық төлемдер сомасын бюджетке салық қызметі органдарына мәлімделген салық жылына болжалынып отырған табыс салығы сомасының 1/12 бөлігін негізге ала отырып, әр айдың жиырмаасынан кешіктірмей төлеуге міндетті.

2. Маусымдық жұмыс сипатындағы немесе басқа да шарттары бар кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар салық жылы ішінде төленуге тиісті аванстық төлемдер сомасын салық қызметі органдарымен келісім бойынша айқындайды.

3. Еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша немесе мердігер-жалдау шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар - резидент еместер аванстық төлемдер сомасын бюджетке салық жылының 20 ақпанында, 20 мамырында, 20 тамызында және 20 қарашасында төлеуге міндетті.

4. Табыс салығының төленген аванстық төлемдер сомасы салық жылында салық төлеушіге есептелген табыс салығына есептеледі."

26. 53-бапта "(төленген)" деген сөз алынып тасталсын.

27. 54-бапта:

5-тармақ алынып тасталсын;

6-тармақ 5-тармақ болып есептелсін.

28. 55-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып Мемлекеттік салық комитеті заңды тұлғаның бөлімшелерін дербес салық төлеушілер ретінде қарауы мүмкін."



мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстандық көзден табыс алып жүрген және қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке тұрмаған резидент еместер Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар сатқан (жұмыс атқарған, қызмет көрсеткен) жағдайда аталған резидент еместермен есеп айырысуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденттері қосылған құнға салынатын салықты толық мөлшерде төлейді."

29. 56-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Бұл баптың ережелері осы Жарлықтың 55-бабының 4-тармағында аталған резидент еместерге қолданылмайды."

30. 58-баптың 1-тармағы "анықталады" деген сөзден кейін "бірақ олардың сатып алу бағасынан төмен болмауы керек" деген сөздермен толықтырылсын.

31. 61-баптың 1-тармағында:

1) тармақша "немесе үйлерді жалға беру" деген сөздерден кейін "және сату" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) - 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) лотерея билеттерін сату бойынша айналымдар;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның бөлімшелерінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатуды жүзеге асыру бойынша айналым;

11) Қазақстан Республикасының Мүгедектер ерікті қоғамының, Қазақ зағиптар қоғамының, Қазақ мылқаулар қоғамының, сондай-ақ сол қоғамдардың меншігі болып табылатын және толығымен солардың қаражаты есебінен құрылған өндірістік ұйымдардың тауарларын (жұмысын, қызметін) сату бойынша айналымдар, бұған сауда-делдалдық қызмет тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) сату бойынша айналымдар кірмейді;"

9) - 12) тармақшалар тиісінше 12) - 15) тармақшалар болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның бөлімшелері жүзеге асыратын тауарлар импорты;

17) мектептің оқу құралдары."

32. мынадай мазмұндағы 65-баппен толықтырылсын:

"65-бап. Тазартылған қымбат бағалы металдарға - алтын мен платинаға салық салу

Тазартылған қымбат бағалы металдарды - алтын мен платинаны бастапқы сауда-саттықта сатуға нөлдік ставка бойынша салық салынады."

33. 68-бапта:

1-тармақтың екінші азатжолы алынып тасталсын:

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қосылған құнға салынатын салық бойынша Қазақстан Республикасында есепте тұратын өнім жеткізуші төлеген (төлеуге тиісті) қосылған құнға салынған салық

сомасы есепке алынады. Қосылған құнға салынатын салық бойынша Қазақстан Республикасында есепте тұрмайтын өнім берушілер төлеген (төлеуге тиісті) қосылған құнға салынған салық шығын есебіне жатқызылуға тиіс."

3 4 . 7 0 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Импортталатын тауарлар бойынша қосылған құнға салынатын салық Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен кеден төлемдерін төлеу үшін белгіленген күні төленеді, бұған осы баптың 4-тармағында аталған жағдайларда салық төлеушілер төлеуге тиіс болатын қосылған құнға салынатын салық қосылмайды."

екінші азатжолы "Салық қызметінің органдары" деген сөздерден кейін "қаржы қызметінің органдарымен келісім бойынша" деген сөздермен:

4 - т а р м а қ т а :

"мен медикаменттердің" деген сөздер "шикізаттың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, ауыл шаруашылық өндірісінде пайдаланылатын медикаменттер мен тауарлардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің келісуі бойынша Бас салық инспекциясы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен және Кеден комитетімен келісе отырып Мемлекеттік салық комитеті" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

35. 73-баптың 1-тармағының үшінші азатжолында "салық

инспекциясына" деген сөздер "салық органына" деген сөздермен ауыстырылсын.

36. 75-бапта "акцизделетін тауарларды импорттайтын немесе" деген сөздерден кейін "егер Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарлар бойынша акциз төленбеген болса, акцизделетін тауарларды сататын" деген сөздермен толықтырылсын.

37. 76-баптың 1-тармағында: 20) тармақша "(мүгедектерге арнайы арналған қолмен басқарылатын автомобильдерден басқасы)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

"22) өңделмеген мұнай"

38. 79-бапта:

мынадай мазмұндағы жаңа 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген өңделмеген мұнайды өнеркәсіптік ұқсатуға берген кезде акциз оның берілген кезінен төленеді."

4-тармақ 5-тармақ болып есептелсін.

39. 80-бапта:

2-тармақ алынып тасталсын;

3, 4, 5 және 6-тармақтар тиісінше 2, 3, 4 және 5-тармақтар болып есептелсін.

40. 83-бап "шикізаттан акцизделетін өнім" деген сөздерден кейін

"(өңделмеген мұнайды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын.

41. 88-баптың 1-тармағының 1-тармақшасы соңынан "бұған акционерлік қоғамның мүлкін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қайта бағалау құнына арналған акциялар эмиссиясы қосылмайды" деген сөздермен толықтырылсын.

42. 89-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) эмиссияның көрсетілген құнынан:

- бағалы қағаздардың бастапқы эмиссиясын тіркеу кезінде 0,1 процент мөлшерінде;

- бағалы қағаздардың қосымша эмиссиясын тіркеу кезінде 0,5 процент мөлшерінде."

43. VI бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"VI бөлім

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ

### 21 - тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

94-бап. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарда салық режимін белгілеу

1. Жер қойнауын пайдаланушылар үшін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер жөнінде белгіленетін талаптар (салық режимі) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген Құзыретті орган арасында жер қойнауын пайдалануға жасалатын келісім-шарттарда айқындалады.

2. Келісім-шартта белгіленетін салық режимі заңды және жеке тұлғалардың салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуін реттейтін, келісім-шарт жасалған күні қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болуға тиіс.

3. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарды қоспағанда, салық мен төлемдер төлеуге қатысты мәселелерді лицензияларға және жер қойнауын пайдалануға байланысты басқа да актілерге енгізуге тыйым салынады.

4. Құрамында ұйымдар мен жеке тұлғалар бір келісім-шарт бойынша қызмет атқаратын жер қойнауын пайдаланушы салық салу мақсаты жөнінен біртұтас салық төлеуші деп саналады және келісім-шартта белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеуге міндетті.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген Құзыретті органмен жасаған бір келісім-шарттан көп келісім-шарт бойынша қызмет атқаратын жер қойнауын пайдаланушылар салықтар мен төлемдерді айқындау мақсатында табыстары мен шығындарын біріктіре алмайды.

Keң таралған пайдалы қазбалар өндіру жөніндегі келісім-шарттарда пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіру көзделмеген жағдайда, бұл ереже ол келісім-шарттарға қолданылмайды.

#### 94-1-бап. Жер қойнауын пайдалануға жасалатын келісім-шарттардың салық режимінің үлгілері

1. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу келісім-шарттардың негізгі түрлеріне қарай мынадай екі үлгіге бөлінеді:

1) бірінші үлгі жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеп отыруын көздейді;

2) екінші үлгі жер қойнауын пайдаланушылардың өнімді бөлісу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлерін төлеуін көздейді: төлем көзінен ұсталып қалатын табыс салығы мен шетелдік заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің таза табысына салынатын салықты ескере отырып, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық, бонустар, роялти, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын алымдар, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген және осы Жарлықтың 3 және 4-баптарында көзделмеген басқа да міндетті төлемдер.

2. Салық режимінің бірінші үлгісі келісім-шарттардың барлық түрлеріне белгіленеді, бұған салық режимінің екінші үлгісі белгіленетін "Өнімнің бөлінуі туралы" түріндегі келісім-шарттар қосылмайды.

3. "Өнімнің бөлінуі туралы" келісім-шарттар бойынша алынатын өнімнің бөлінуі

жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі республикалық және жергілікті бюджеттердің көзі болып табылады және кезекті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы заңында белгіленген тәртіп бойынша тиісті бюджеттердің кірісіне түседі.

4. Жер қойнауын пайдаланушының салық міндеттемелерінің деңгейі салық режимінің екі үлгісінің бірі қолданылуына қарамастан тең болуға тиіс.

94-2-бап. Жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға қатысы жоқ операциялар бойынша салық режимі

Жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт ережелері бойынша төлейтін төлемдері оны келісім-шартта көзделмеген қызметті жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеу міндеттемелерінен босатпайды.

94-3-бап. Салық режимінің тұрақтылығы

1. Жер қойнауын пайдалануға белгіленген тәртіппен жасалған келісім-шартта айқындалған және міндетті салық сараптамасынан өткен салық режимі, осы баптың 2-тармағында көзделген реттерді қоспағанда, сол келісім-шарттың қолданылу мерзімі біткенге дейін ұдайы қолданылады.

2. Келісім-шартқа қол қойылған күннен кейін заңдарға өзгерістер енгізіліп, олар келісім-шарттың бастапқы ережелерін одан әрі сақтаудың мүмкін болмауына әкеп соқтыратын жағдайда немесе оның жалпы экономикалық жағдайлардың едәуір өзгеруіне әкеп соқтырғанда жер қойнауын пайдаланушы мен Құзыретті және салық органдарының өкілдері келісім-шартқа қол қойған кездегі жағдай бойынша тараптардың экономикалық мүдделерін қалпына келтіру үшін келісім-шартқа қажетті

өзгерістер мен түзетулер енгізе алады. Келісім-шарт ережелеріндегі бұл өзгерістер немесе түзетулер салық қызметі органы немесе жер қойнауын пайдаланушы жазбаша хабарлаған кезден бастап алпыс күн ішінде енгізіледі.

94-4-бап. Құқықтарды қайта беруге салық салу

Келісім-шартта берілген құқықтарды қайта беруден алынатын табыстарға осы Жарлықта белгіленген тәртіп бойынша салық салынуға тиіс.

## 94-5-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары

1. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары:

- 1) жазылу жүргізілетін, коммерциялық табу, өндіру бонустарын;
- 2) роялтиді;
- 3) үстеме пайдаға салынатын салықты қамтиды.

2. Бонустар мен роялтидің барлық түрлері табыс салығы мен үстеме пайдаға салынатын салыққа арналған салық салынатын табысты айқындаған жағдайдағы шегерімдер болып табылады.

## 94 - 6 - бап . С а л ы қ с а р а п т а м а с ы

1. Уағдаласушы тараптар арасында жасалатын барлық келісім-шарттар олар жасалған кезге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен міндетті салық сараптамасынан өтуге тиіс. Бұл ереже бұрын жасалған келісім-шарттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға да қолданылады.

2. Келісілген салық режимі келісім-шарттың түпкілікті мәтініне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

## 22 - тарау. БОНУСТАР

95-бап. Бонустар туралы жалпы ережелер

1. Бонустар жер қойнауын пайдаланушылардың тіркелген төлемдері болып табылады және жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттар белгіленген мөлшер мен тәртіп бойынша ақшалай түрде төленеді.

2. Жер қойнауын пайдалануды жүргізудің жеке шарттары негізге ала отырып, жер қойнауын пайдаланушылар бонустардың мынадай түрлерін төлейді:

- 1) жазылу жүргізілетін бонус;
- 2) коммерциялық табу бонусы;
- 3) өндіру бонусы.

Жасалатын келісім-шарттар жобасының экономикасына сәйкес бонустардың бір немесе бірнеше түрі қолданылуы мүмкін.

## 96-бап. Жазылу жүргізілетін бонус

Жазылу жүргізілетін бонус жер қойнауын пайдаланушының заңдарда белгіленген тәртіп бойынша келісім-шарт жасалған кезде жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығы үшін бір жолғы тіркелген төлемі болып табылады.

96-1-бап. Жазылу жүргізілетін бонусты белгілеу тәртібі,  
оның мөлшері мен төлену мерзімі

1. Жазылу жүргізілетін бонустардың бастапқы мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Құзыретті орган белгілейді не ол тендер өткізу ережелері бойынша белгіленеді.

2. Жазылу жүргізілетін бонустың түпкілікті мөлшері келісім-шартта жер қойнауын пайдалану үшін берілген кен орындарының (аумақтардың) экономикалық құндылығына байланысты белгіленеді.

3. Жазылу жүргізілетін бонусты төлеу мерзімі тараптардың

келісім-шартымен немесе келісімімен, бірақ келісім-шарт жасасқан уақыттан бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей беріледі.

## 97-бап. Коммерциялық табу бонусы

1. Коммерциялық табу бонусы тіркелген төлем болып табылады және жер қойнауын пайдаланушы оны келісім-шарт жасалған аумақтағы әрбір коммерциялық табу үшін төлейді.

2. Пайдалы қазбаларды кейіннен өндіруді көздемейтін кен орнына барлау жүргізуге жасалған келісім-шарттар бойынша коммерциялық табу бонусы төленбейді.

97-1-бап. Коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібі, оның мөлшері  
мен төлену мерзімі

1. Коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Коммерциялық табу бонусының мөлшері келісім-шартпен белгіленеді.

3. Коммерциялық табу бонусы белгіленген тәртіпке сәйкес коммерциялық табу расталған уақыттан бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей төленеді.

## 98-бап. Өндіру бонусы

Өндіру бонусы тіркелген төлем болып табылады және жер қойнауын

пайдаланушы оны келісім-шартта белгіленген өндіру көлеміне қол жеткізген кезде мезгіл-мезгіл төлеп отырады.

98-1-бап. Өндіру бонусын есептеу тәртібі, оның мөлшері мен төлену мерзімі

1. Пайдалы қазбалардың топтары бойынша өндіру бонустарын есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Өндіру бонусының мөлшері жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта белгіленеді.

3. Өндіру бонусы келісім-шартта белгіленген өндіру деңгейінің әрқайсысына қол жеткізілген айдан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірілмей төленеді.

## 23-тарау. РОЯЛТИ

99-бап. Роялти туралы жалпы ережелер

Роялтиді жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының аумағындағы пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша жеке-жеке төлейді.

99-1-бап. Роялтидің төлену түрі

1. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарда, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, роялтиді ақшалай түрде төлеу белгіленеді.

2. Келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыру барысында, тараптардың қосымша келісімі негізінде, роялтиді ақшалай төлеу түрі белгіленген мерзімде ақшалай түріне балама төлеуінің заттай нысанына толық немесе ішінара уақытша ауыстырылуы мүмкін.



## 99-2-бап. Роялти белгілеудің жалпы шарттары

1. Жер қойнауын пайдалануға жасалған әрбір келісім-шартта роялтидің ставкалары пайдалы қазбалардың түріне қарай:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген кесімді ставкалармен кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп бойынша техникалық-экономикалық есеп-қисаптарға негізделген жоба экономикасын негізге ала отырып, әрбір келісім-шартта жеке-дара барлық қалған пайдалы қазбалар бойынша белгіленеді.

2. Бір келісім-шарт бойынша пайдалы қазбалардың бірнеше түрін өндірген жағдайда роялти пайдалы қазбалардың әрбір түрі бойынша белгіленіп, төленеді.

## 100-бап. Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялти

Есепті кезең ішіндегі орташа сату бағасын негізге ала отырып, өндірілген пайдалы қазбалар мен жерасты сулары көлемінің құны кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялти салынатын объектілер болып табылады.

Роялтиді есептеудің бұл тәртібі жер қойнауын пайдаланушының өз қажетіне пайдалану үшін өндірілген кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларына да қолданылады.

## 100-1-бап. Бағалы металдар мен асыл тастар бойынша роялти

Алтынды, күмісті, платинаны қоспағанда, бағалы металдар мен асыл тастар бойынша роялти салу объектісі бағалы металдар мен асыл тастардың нақты сату бағасы бойынша алынған құны болып табылады, бірақ ол есепті кезеңдегі орташа сату бағасынан кем болмауы керек.

Алтын, күміс және платина бойынша роялти салу объектісі түсті металдарды халықаралық биржада сатудың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген бағасы бойынша есептелген өндірілген металл құны болып табылады.

## 100-2-бап. Көмірсутектер бойынша роялти

1. Көмірсутектердің әрбір өнімінің стандартты сортының сапасындағы және фракт құнындағы (көлік шығындарындағы) айырма есепке алынып түзетілген анықтамалық бағасы негізінде есептелетін, бірақ көмірсутектер өткізудің есепті кезең ішіндегі

орташа бағасынан төмен емес өндірілген көмірсутектер көлемінің құны көмірсутектер бойынша роялти салынатын объект болып табылады.

2. Көмірсутектер өндіруге жасалған келісім-шарттарда роялти өндіру көлеміне қарай айқындалған процент ретінде өзгермелі шкала бойынша белгіленеді.

100-3-бап. Кең таралған пайдалы қазбалардан, сондай-ақ бағалы металдар мен асыл тастардан басқа қатты пайдалы қазбалар бойынша роялти

1. Өндірілген пайдалы қазбалар көлемінің құны есепті кезең ішінде пайдалы қазбаларды сатудың орташа бағасын негізге ала отырып, қатты пайдалы қазбалар бойынша роялти салынатын объект болып табылады, бұған 100 және 100-1-баптарда көрсетілгендері қосылмайды.

2. Осы бапта көрсетілген қатты пайдалы қазбалар өндіруге жасалған келісім-шарттар бойынша роялти келісім-шарт қолданылатын барлық кезең үшін кесімді проценттік мөлшерде белгіленеді.

101-бап. Роялтиді төлеу тәртібі

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, күнтізбелік ай роялти төлеуді белгілеу жөніндегі есепті кезең болып табылады.

2. Егер роялти бойынша тоқсандық төлемдердің орташа айлық мөлшері есеп айырысатын ең төменгі айлық 1000 көрсеткіштен кем болса, есепті кезең тоқсан болып табылады.

3. Төлеушілер роялти жөніндегі есеп айырысуды салық тіркеу орны бойынша салық қызметі органдарына есепті кезеңнен кейінгі айдың онына дейін табыс етеді.

4. Роялти есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірілмей төленеді.

24-тарау. ҮСТЕМЕ ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

102-бап. Үстеме пайдаға салынатын салық жөніндегі жалпы ережелер

"Өнімнің бөлінуі туралы" келісім-шарттар және кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өндіруге жасалған

келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардан басқаларға осы келісім-шарттар пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруді көздемейтін жағдайда, үстеме пайдаға салық 103 және 104-баптарда белгіленген тәртіп пен ставкалар бойынша салынады.

103-бап. Үстеме пайдаға салық салынатын объект және оны есептеу тәртібі

1. Жер қойнауын пайдаланушы пайданың жиырма процентінен жоғары ішкі нормасын алған жағдайда жер қойнауын пайдаланушының есепті жылғы әрбір жеке келісім-шарт бойынша алған таза табысының сомасы үстеме пайдаға салық салынатын объект болып табылады.

2. Үстеме пайдаға салынатын салық пайданың есепті жылдың аяғындағы ішкі нормасының қол жеткен деңгейін негізге ала отырып. 104-бапта белгіленген ставкалар бойынша есептеледі. Пайданың ішкі нормасын анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

104-бап. Үстеме пайдаға салынатын салық ставкалары және оны төлеу мерзімдері

1. Үстеме пайдаға салынатын салық ставкалары мынадай мөлшерде белгіленеді:

Пайданың ішкі нормасы (ПН), %	Есепті жылғы таза табысқа шаққанда %-пен алынған үстеме пайдаға салынатын салық ставкасы
20-дан кем немесе оған тең	0
20-дан артық, бірақ 22-ден кем немесе оған тең	4
22-ден артық, бірақ 24-тен кем немесе оған тең	8



"3. Елді мекеннің шегінде, бірақ игерілген аумақтардан тысқары орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге де ауыл шаруашылық мақсатындағы емес ( шахталарды, карьерлерді және олардың санитариялық-қорғаныш, техникалық және өзге аймақтарын қоса) жерлерге 112-бапта көзделген ставкалар бойынша жетпіс процентке дейін төмендетілген салық салынады. Төмендетудің нақты мөлшері жергілікті өкілді органдар белгілейді."

49. 29-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"29-тарау. ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ  
САЛЫНАТЫН САЛЫҚ"

50. 117-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"117-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы  
жерлерге салынатын салық

Заңды және жеке тұлғаларға иелену немесе пайдалану үшін берілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жерлерге салық салынуға тиіс."

51. 118-бапта "сауықтыру және қалпына келтіру мақсатындағы" деген сөздер " ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

52. 123 - б а п т а :

1-тармақта "табиғат қорғау мен тарихи-мәдени, сауықтыру және қалпына келтіру " мақсатындағы" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

3-тармақтың 9) -тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияда тұрған объектілер салынған жерлер."

53. 124-баптың 1-тармағындағы "есеп-қисабын" деген сөз "декларациясын" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

54. 133 - б а п т а :

1-тармақтағы "0,5 проценттік" деген сөздер "1 проценттік" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын

мүлкіне салынатын салық Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органның төмендегідей ставкалар бойынша белгілеген жылжымайтын мүлік құнынан жыл сайын төленіп отырады:

1) 1 000 000 теңгеге дейін

жылжымайтын мүлік құнының 0,1 проценті;

2) 1 000 000 теңгеден 2 000 000 теңгеге дейін

1 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық

сомасы + одан артық соманың 0,15 проценті;

3) 2 000 000 теңгеден 3 000 000 теңгеге дейін

2 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан артық соманың 0,2 проценті;

4) 3 000 000 теңге және одан көбінен

3 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан артық соманың 0,3 проценті."

55. 134-баптың 2-тармағындағы бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мына санаттардағы азаматтардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мүлкі бойынша есеп айырысатын 1000 айлық көрсеткіш мөлшерінде салық салынбайтын ең төменгі деңгей белгіленеді:"

56. 135-бапта:

1-тармақтағы "0,5 проценттік" деген сөздер "1 проценттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Салықты есептеу салық жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік құнын негізге ала отырып жүргізіледі."

57. 136-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

58. 138 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Көбінесе қолма-қол ақша қаражатымен жұмыс істейтін немесе тауарлар сату, жұмыстар атқару (қызмет көрсету) бойынша шектеулі айналымы бар және оларда жұмыс істейтін қызметкерлер саны шектеулі жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде шаруа және фермер қожалықтары жөнінде салық қызметі тиісті қаржы органдарының келісімі бойынша салықтардың кесімді сомасы патентінің немесе салық негізін анықтау мен салық есебін жүргізудің жеңілдетілген жүйесінің негізінде салық төлеу тәртібін б е л г і л е й д і .

Жер негізгі өндіріс құрал-жабдығы болып табылатын шаруа және фермер қожалықтарының патенті құнына жер бонитеті балын, маусымдылығын, ауа райы жағдайын және өнім өткізетін рыноктан қашықтығын ескере отырып, тіркелген жиынтық жер салығы ғана енеді.

Шаруа және фермер қожалықтарына салынатын тіркелген жиынтық жер салығын анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

6-тармақта "егер тараптардың бірі Қазақстан Республикасының резиденті емес болса немесе салық жеңілдіктерін пайдаланатын ұйым болса" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

59. 139-баптың 3-тармағы "осы Жарлыққа сәйкес пайдаланылатын" деген сөздерден кейін "есептік" деген сөздермен толықтырылсын.

60. 147-баптың 1)-тармақшасы "аталған шоттардың" деген сөздерден кейін "он банктік күн ішінде" деген сөздермен толықтырылсын.

6 1 . 1 5 2 - б а п т а :

баптың атауынан "қолдану" деген сөз алынып тасталсын:

1 - т а р м а қ т а :

"Салық қызметі органының басшысы" деген сөздерден кейін "тиісті

қаржы органының басшысымен келісе отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

"айыппұл санкцияларын қолданбау" деген сөздер "айыппұл санкциялары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бір жылға" деген сөздер "бір салық жылына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қоспағанда" деген сөзден кейін "салық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Салық және айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді".

62. 154-баптың 2-тармағы "ағымдағы" деген сөзден кейін "және аванстық" деген сөзбен толықтырылсын.

63. 158-баптағы "тікелей салық қызметіне" деген сөздер "тиісті бюджетке" деген сөздермен ауыстырылсын.

64. 161-баптың 1-тармағы "ағымдық" деген сөзден кейін "және аванстық" деген сөзбен толықтырылсын.

65. 163-бапта:

баптың атауы "ағымдағы" деген сөзден кейін "және аванстық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Бір жыл ішінде іс жүзінде есептелген табыс салығының сомасы жыл бойындағы аванстық төлемдер сомасынан 10 проценттен астам мөлшерде артқан жағдайда салық төлеушіге салық салынатын табыстың 2 проценті мөлшерінде, 25 проценттен артқан кезде - салық салынатын табыстың 5 проценті мөлшерінде айыппұл салынады.

5. Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке тұрмаған тұлғаға қосылған құнға салынатын салықты есепке алып, салық шот-фактурасын жазғаны үшін бюджетке аударылуға тиісті, бірақ аударылмаған салық шот-фактурасында көрсетілген

қосылған құнға салынатын салық сомасының 100 проценті мөлшерінде айыппұл  
с а л ы н а д ы . "

66. 44-тарау мынадай редакцияда жазылсын:  
"44-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

167-бап. Салық қызметінің мәртебесі мен құрылымы

1. Салық қызметі мемлекеттік бюджетке төлемдердің түсімін көздейтін салық заңдары мен басқа да заң актілері негізінде барлық деңгейдегі бюджеттердің кіріс бөлігінің атқарылуы үшін жауап беретін бірыңғай мемлекеттік орган болып табылады.

2. Салық қызметі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінен, облыстар мен Алматы қаласының, аудандардың, қалалардың және қалалардағы аудандардың салық комитеттеріне тұрады. Салық қызметінің құрылымында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің Салық полициясы бас басқармасынан, облыстар мен Алматы қаласының, аудандардың, қалалардың және қалалардағы аудандардың салық комитеттерінің салық полициялары бөлімдерінен тұратын салық полициясының органы жұмыс істейді.

Облыстар мен Алматы қаласының, аудандардың, қалалардың және қалалардағы аудандардың салық комитеттері салық қызметінің жоғары тұрған органына бағынады және жергілікті атқарушы органдарға кірмейді.

3. Салық қызметін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы басқарады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасын қызметке Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті, ал оның орынбасарларын, салық полициясы Бас басқармасының бастығын қоса алғанда - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті төрағасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі т а ғ а й ы н д а й д ы .

4. Облыстар мен Алматы қаласының, аудандардың, қалалардың және қалалардағы аудандардың салық комитеттерінің төрағаларын, облыстар мен Алматы қаласы салық комитеттері төрағаларының орынбасарларын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы тағайындайды. Салық комитеттері салық полициялары бөлімдерінің бастықтарын қызметке Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы тағайындайды.

5. Салық полициясы мен оның жергілікті жерлердегі органдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті төрағасының орынбасары болып табылатын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің Салық полициясы бас басқармасының бастығына тікелей



бағынады.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7. Барлық деңгейдегі салық қызметінің органдары заңды тұлғалар болып табылады, банктерде шоттары мен белгіленген үлгідегі мөрлері болады.

8. Салық қызметінің органдары республикалық бюджет есебінен ұсталады.

168-бап. Салық қызметі жұмысының құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Жарлық және Қазақстан Республикасының өзге де заңдары салық қызметі жұмысының құқықтық негізі болып табылады.

169-бап. Салық қызметінің негізгі міндеттері

Салық қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

бюджетке салықтар мен төлемдердің толық әрі уақытылы түсуін,

тиісті жылға республикалық және жергілікті бюджеттерде бекітілген мөлшер мен сомада мемлекет алдындағы өзге де қаржы міндеттемелерін қамтамасыз ету;

салық заңдарының тиімділігін зерделеу;

басқа мемлекеттермен салық салу мәселелері жөніндегі заңдардың, шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысу;

салық төлеушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, салық төлеушілерге салық заңдарындағы және салық салу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер туралы дер кезінде хабарлап отыру.

170-бап. Салық қызметі органдарының басқа мемлекеттік органдармен өзара қатынастары

1. Салық қызметінің органдары орталық және жергілікті атқарушы өкімет

органдарымен, құқық қорғау, қаржы және басқа да мемлекеттік бақылау органдарымен өзара іс-қимыл жасап отырады, бірлескен бақылау шараларын қолданады, осы Жарлықтың 175-бабының ережелерін ескере отырып, өзара ақпарат алмасуды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының салық заңдары мен республикалық және жергілікті бюджеттерге басқа да төлемдер туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі міндеттерді орындауда, салық заңдарын бұзушылыққа және қылмысқа қарсы күресте салық қызметі органдарына жәрдемдесіп о т ы р у ғ а м і н д е т т і .

3. Бюджетте салықтар мен төлемдерді толық және уақтылы төлеуге мемлекеттік бақылау жасауды қамтамасыз етуге салық қызметінің органдары ғана уәкілетті." 6 7 . 1 7 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1)-тармақша: "мемлекет мүдделерін" деген сөздерден кейін "және мемлекет алдындағы өзге де қаржылық міндеттемелерді" деген сөздермен толықтырылсын;

3)-тармақшада "Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының бастығы" деген сөздер "Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

9)-тармақша "салық төлемеуге" деген сөздерден кейін "салық төлеуден жалтаруға немесе мемлекет алдындағы өзге де қаржылық міндеттемелерін орындамауға" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

12)-тармақша "салық төлеуден жалтарып жүрген" деген сөздерден кейін "олардың мемлекет алдындағы қарызы немесе декларация тапсырудан жалтаруы туралы өздеріне қатысты ресми мәліметтер түскен" деген сөздермен толықтырылсын;

13)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) салық қызметі органдары басшыларының нұсқамасы бойынша салық төлеушілерге т е к с е р у жүргізу;"

мынадай мазмұндағы 14)-тармақшамен толықтырылсын:

"14) қаржы органдарына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген нысанда және мерзімде салықтардың түскен сомасы мен бюджет алдындағы өзге де қаржылық міндеттемелер туралы есептер тапсыру."

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Жарлықты қолдану жөніндегі актілерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті әзірлейді және бекітеді."

68. 172-баптың 3)-тармақшасындағы "инспекциялар" деген сөз "органдар" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

6 9 . 1 7 6 - б а п т а :

7 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н :

8-тармақтағы "Қаржы министрі" деген сөздер "Мемлекеттік салық комитетінің

төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;  
8, 9 және 10-тармақтар тиісінше 7, 8 және 9-тармақтар деп есептелсін.  
7 0 . 1 7 9 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Үкіметінің немесе Құзыретті орган мен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісім-шарттарда, сондай-ақ міндетті салық сараптамасынан өткен, 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап 1996 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде жасалған келісім-шарттарда белгіленген салық салу ережелері олардың қолданылу мерзімінде сақталады."

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы Жарлықтың 152-бабына сәйкес 1997 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде берілген салық төлеу мерзімін ұзарту бюджетке салық жарнасын уақтылы төлемегені үшін өсім есептелмей жүзеге асырылады."

2-бап. Осы Заң 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін, бұған 1997 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілетін Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығының 40-бабына, 41-бабының 3-тармағына, 53-бабына, 54-бабының 5-тармағына, 68-бабының 2-тармағының екінші бөлігіне, 80-бабының 2-тармағына, 136-бабының 2-тармағына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қосылмайды.

Қазақстан Республикасының  
Президенті